

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп»
КММ-де 2024-2025 оқу жылында
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге
асыру мақсатында атқарылған тәрбие
жұмысы бойынша жылдық есебі**

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек- Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес Оқу ағарту министрі Ғ.Бейсембаевтың 30.07.2024 ж.№194 бұйрығы негізінде жылдық жоспар жасалып, іс-шаралар атқарылды.



Мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

2024-2025 оқу жылы мен үшін тәрбие ісінің шын мәніндегі жаңа белесі болды. Бұл жылы мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен парасаттылықты сіңіру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие – жүректен жүрекке жететін ізгілік дәнi десек, сол дәнді әр оқушының жүрегіне еккім келді. Жыл бойы әр іс-шараны, әр кездесуді, әр сынып сағатын баланың жан дүниесіне әсер ететін, жүрегін оятатын тағылым ретінде қабылдадым. Баланың бір қуанышы – менің қуанышым, бір жетістігі – менің жетістігім болды.

Ұстаз ретінде менің басты мұратым – шәкірт жүрегіне жол табу, оларды адалдыққа, еңбекке, отансүйгіштікке, парасатқа жетелеу еді. Және сол жолда сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесе жұмыс жасай отырып, елеулі нәтижелерге қол жеткіздік деп нық сеніммен айта аламын.

Бұл оқу жылы – тек есеп үшін емес, **адам тәрбиесі үшін** атқарылған мағыналы еңбек жылы болды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

Жыл бойы «Күй күмбірі» жобасы аясында әр үзілісте дәстүрлі күйлер орындалып, мектеп іші домбыраның қоңыр үніне толды. Бұл – оқушыны тек тыңдаушы емес, сезінуші, түйсінуді етіп тәрбиелеудің нәзік жолы болды.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуына байанысты жалпымектептік ата аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп ұжымы, Қамқоршылық кеңес төрағасы А.Досметова, ата -аналар кеңесінің төрағасы Д.Урманов, ақсақалдар кеңесі төрағасы Р.Байметов, ата-аналар қатысты.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/541195005017407/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Түркістан облысы білім басқармасының 22.08.2024 жылы №1371 санды хаты мен 23.08.2024 жылы №1071 санды Төлеби ауданының білім бөлімінің санды хаты негізінде 1-10 қыркүйек аралығында 1-11 сынып оқушыларына «Адалдық сағаты» өткізілді. Мақсаты өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарыс көзқарасын нығайту, адалдық пен отансүйгіштікке, еңбекқорлық пен әдептілікке баулу.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/2298214413872127/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2024-2025 оқу жылының 18 қыркүйек күні «Денсаулық фестивалі-2024» спорттық шарасы өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды азаматтық жауапкершілік пен патриотизмге, салауатты өмір салтын ұстануға, басқалармен қарым қатынаста адал әрі әділ болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/538527422194522/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2024-2025 оқу жылының 27 қыркүйек күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Мақсаты: оқушыларды басқалармен қарым қатынаста адал әрі әділ болуға тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен өзін өзі жетілдіруге ұмтылысын жетілдіру.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/1233426477840572/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Түркістан облысы білім басқармасының 13.09.2024 жылы №23/5223 санды хаты мен Төлеби ауданының білім бөлімінің 24.09.2024 жылы №1217 санды хаты негізінде 2.10.2024 ж. күні «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай «Дублер күні» өткізілді.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/1277287823635988/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

«Қауіпсіз қоғам» жобасы шеңберінде интернет қауіпсіздігі, лудомания, діни экстремизм сияқты заманауи қауіптер туралы профилактикалық әңгімелер, семинарлар өтті. Оған мектеп психологтары, құқық қорғау органдары және медицина мамандары жұмылдырылды.

2024-2025 оқу жылының 27 қазан айында Төлеби аудандық полиция тергеу жөніндегі бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мұсырманкулов Азат Орманұлы Төлеби АПБ ЖПКБ ның ЮПТ КТІЖ УПИ полиция капитаны Ж.Жалғасбай мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді. , 7-11 сынып оқушылары қатысты. Кездесу қонақтары кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықты, қылмыстылықты болдырмау, олардың

қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, түрлі зорлық зомбылықтың, әлімжеттіктің, лудоманияның алдын алу және оған қатысты жауапкершілікті түсіндіріп өтті.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/pfbid0ZPHbjUbpAUo2pJ2ipwmAY8SY9VyKm3FDUx8c5uY3oJzTbLTwx6V3osuWFcSQZuif/?app=fb>

2024-2025 оқу жылының қазан айында мектепшілік «Өзін өзі басқару ұйымының Президенті мен «Жас Ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының Ұланбасын сайлау шарасы өткізілді.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/8421179461269359/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

2024-2025 оқу жылының қазан айында «Бойжеткен» қыздар клубы жоспарына сай «Қыз әдебі» тақырыбында мектеп медбикесімен, психологпен бірлескен кеңес беру шарасы өткізілді. Мақсаты: қыз балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адалдық, әдептілік пен ибалылыққа, нәзіктік пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау мен уақытты тиімді өткізу бағытында кеңестер берілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AMjnK5ME/>

2024-2025 оқу жылының қараша айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сай сынып ата аналарына «Жадыны дамыту» тақырыбында сабақ өткізілді.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/560380683200509/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Төлеби аудандық білім бөлімінің 14.11.2024 жылғы №1560 хатына сәйкес 2024-2025 оқу жылының 18 қараша күні мектепшілік төтенше жағдайдағы іс әрекеттер бойынша оқу жаттығулар өткізілді. Сынып сағаттарында оқушыларға қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулықтар берілді.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/1430656151204110/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Түркістан облысы білім басқармасының 23.11.2024 жыл 16-16\8284 санды хаты мен Төлеби ауданының білім бөлімінің 23.11.2024 жылғы 229-18/07-04\2351 санды хатына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Зорлық -зомбылыққа қарсы 16 күн» акция барысында 4.11.2024 ж. күні « Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында челлендж өткізілді. Мақсаты: балалардың құқықтарын қорғау,отбасы, Отан, қоғам алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру, өзін өзі жетілдіруге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/1447045852898473/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

Түркістан облысы білім басқармасының 23.11.2024 жыл 16-16\8284 санды хаты мен Төлеби ауданының білім бөлімінің 23.11.2024 жылғы 229-18/07-04\2351 санды хатына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Зорлық -зомбылыққа қарсы 16 күн» акция барысында 4.11.2024 ж. күні «Ата-анаммен өткен бір күн», «Ата анаммен өткен бақытты сәтім», «Мен бақытты баламын» тақырыбында бейнебайқау өткізілді. Мақсаты:оқушыларға отбасын құрметтеуге, отбасы құндылықтарын сақтауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100027792169654/posts/1447051866231205/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектепте күнделікті «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастырылды. Оқушылар асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ойындаройнады.

<https://www.facebook.com/tol.j.buzgan/videos/2112831895841071/?mibextid=rS40aB7S9Ucbxw6v>

2024-2025 оқу жылының қараша айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сай сынып ата аналарына «Жадыны дамыту» тақырыбында сабақ өткізілді.

2024-2025 оқу жылының 15 қараша күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Даналық мектебі» жоспарына сай «Аға қамқорлығы» және «Азамат» ұл балалар клубының бірлескен «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбында шара өткізілді. Мақсаты: ағалардың інілері алдындағы жауапкершілігін арттыру, ұл балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адалдыққа, еңбексүйгіштікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.Шараның бірініші бөлімінде ағалармен сұхбат, екінші бөлімінде ұлттық ойындар жарысы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/19mikCTHuF/>

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында 7-сынып жетекшілері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сай ата-аналарына «Жасөспірімді қалай түсініп ұғынуға болады?» тақырыбында сабақ өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1XycPTcDnn/>

2024-2025 оқу жылының желтоқсан айында «Зорлық зомбылыққа қарсы күн» республикалық акция аясында күні оқушылармен «Күлімде,өмір ғажап!» тренингі өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17Z3EISMaF/>

2024-2025 оқу жылының желтоқсан айында Тәуелсіздік күні мерекесіне орай мектеп оқушылары республикалық челленджге қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/1SWa1L6mCk/>

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында жалпымектептік ата аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп директоры К.Алтаева, мектеп педұжымы, Қамқоршылық кеңес төрағасы А.Досметов, мүшелері, ата -аналар кеңесінің

төрағасы Д.Урманов, кеңес мүшелері, ақсақалдар кеңесі төрағасы Р.Байметов, ауылдың белсенді азаматтары, ата-аналар қатысты.

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында І-сынып жетекшілері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жоспарына сай ата-аналарға «Отбасылық үйлесімділік» тақырыбында сабақ өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/1XycPTcDnn/>

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында «Шабьт» жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында «Ақ шағала» би байқауы өткізілді. Оқушылар қазақтың ұлттық биі мен еркін тақырыпта өнер көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/197NBorD9Y/>

2024-2025 оқу жылының 27 ақпан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында «Аға камқорлығы» клубы мен «Азамат» ұл-балалар клубының бірлескен «Ағадан ақыл, атадан өсиет» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге тұрғын алабының биі А.Досметов, Ардагерлер кеңесі төрағасы Р.Байметов, Шымкент институтының аға оқытушысы Р.Абдурахманов, халықтар Ассамблеясы жанынан құрылған «Жазушылар» бірлестігінің мүшесі Х.Адилова қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/16P7VHWBAw/>

2024-2025 оқу жылының наурыз айында «Алғыс айту» күніне орай мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Алтын жүрек» республикалық челленджі өткізілді. Мақсаты: оқушылардың Отанға, жанұяға, ата-анаға, ұстаздарға, үлкен кішіне деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынастарын дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/1FU3h9tRUr/>

Төлеби ауданының білім бөлімінің 2025 жыл 28 қаңтардағы №39 хаты негізінде мектепте «Айбын» облыстық әскери-спорттық семинары өткізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жетілдіру, жастар бойында патриоттық сезімді нығайту.

<https://www.facebook.com/share/v/16tEGCdTmB/>

2024-2025 оқу жылының сәуір айында балалардың мүддесі мен құқықтарын қорғау, қоғамда балаларға қатыгездік жасауға жол бермеу және мектеп оқушыларының өз пікірін еркін білдіруге, сенімділіктерін арттыру, зорлық-зомбылық туралы пікірлерін анықтау мақсатында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбы аясында әлеуметтік педагог А.Мелдебек сауалнама өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/17NhJpDw4R/>

Төлеби аудандық білім бөлімінің 12.05.2025 жылғы № санды хаты негізінде 26.05.2025 ж. күні оқушыларды еңбекке баулу мақсатында мектеп аумағын көркейту, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/16tEGCdTmB/>

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі №3-21-4/2274-И санды хаты мен Төлеби ауданының білім бөлімінің 12.05.2025ж. №163 санды хаты негізінде мектеп жанындағы лагерьдің ашылу салтанаты өткізілді. Мақсаты: жазғы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1DPY879cpk/>

<https://www.facebook.com/share/v/1BrXpQ8c4J/>

1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күнінен орай мектепте 30.06.2025 ж күні меркелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бағдарламаға сәйкес музыкалық бағдарламалар, қазақ тілінде фильмдер мен мультфильмдер көрсету, батутта ойнату, көңілді билер мен ойындар ойнау, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Ауыл белсенділері мен демеушілер тарапынан тегін балмұздақ таратылды.

<https://www.facebook.com/share/v/IEGT43Viu7/>

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әр айда күнделікті өткізілетін іс шаралар талапқа сай жүргізіліп отырды.

№	Жобалар атауы	Мазмұнды сипаттама	Нәтижесі	Уақыты
1.	«Күй күмбірі» жобасы	Қоңырау кезінде ұлттық күйлердің шырқалуы арқылы оқушылар ұлттық өнердің сырлы әлемімен сусындады.	Оқушылар күйге құлақ түріп, дәстүрлі өнерге деген қызығушылық артты.	Жыл бойы
2.	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп балаларымен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер: дербес іс-әрекет, серуендер, ертенгіліктер, мерекелер, ойын-сауық		Қыркүйек
3.	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары мен өнер туындылары қойылып, рухани мұра кеңінен таныстырылды.	Балалар ұлттық нақыштағы көрмеге белсене атсалысты.	Наурыз
4.	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу шарасы өткізілді		Наурыз
5.	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар аналарына арнап жүрекжарды видеолар жолдады.	Отбасындағы құрмет пен сыйластықтың тәрбиелік рөлі күшейді.	Наурыз
6.	«Менің Қазақстаным» апталығы	Әр аптаның басында Әнұран орындау дәстүрге айналып,	Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет артты.	Жыл бойы

		ұлттық мақтаныш рухын ұялатты.		
7.	«Апта дәйексөзі» жобасы	Ұлағатты сөздер мен мақал-мәтелдер оқушылардың өмірлік ұстанымына айналды.	Ақыл сөзден тәлім алып, өмірге терең көзқарас қалыптасты.	Апта сайын
8.	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс- әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рольді ойындар, эңгімелесу, көркем шығармалар оқу		

Ұлтқа қызмет – ұрпақты тәрбиелеуден басталады. Сондықтан бұл бағыттағы әрбір жұмыс жүрекпен атқарылды, әр оқушының бойына шынайы құрмет, ұлттық сана және рухани ізгілік дәнін себуге тырыстым. Нәтижесінде, мектебіміздің балалары – ойлы, намысты, болашағына сенімді ұрпақ ретінде қалыптасуға бағыт алды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған әлеуметтік жобалар ұлт болмысын ұлықтау, бала жүрегіне имандылық, ізгілік пен отансүйгіштік нұрын себу мақсатында жүзеге асырылды

№	Іс-шара атауы	Мазмұнды сипаттама	Нәтижесі	Уақыты
1.	«Adal ырақ» жобасы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған	Оқушылар әділеттілік пен адалдық ұғымын терең меңгерді	Жыл бойы
2.	«Сапалы ырақ» жобасы	Мектепшілік тәрбие жүйесіне парасаттылық принциптерін енгізу	Қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі нығайды	Жыл бойы
3.	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» сағаттары	Еңбекке адал көзқарасты қалыптастыру	Оқушылар еңбекқорлық пен ұқыптылыққа бейімделді	Қараша

Оқу жылының қазан айында мектеп оқушылары тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебектің ұйымдастыруымен **«Қамқор»** жобасы аясында оқушылар тек игі істермен айналысып қана қоймай, жүректегі жылуын, мейірімін қоғаммен бөлісуге белсене атсалысты. Әрбір еріктілік шарасы – бала бойындағы адамгершілік пен жанашырлықты оятатын, нағыз рухани тәрбие мектебі болды.

Оқу жылының қараша айында «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында 1-11 сынып жетекшілері «Зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында тәрбие сағатын өтті. <https://www.facebook.com/share/v/1J35kk1QxQ/>

Аға тәлімгер А.Урманшиковпен бірлесе оқу жылы барысында **«Birgemiz: Qamqor»** акциясы аясында оқушылар ауылдағы қарттардың үйіне барып, жалғызбасты қарияларға азық-түлік, жылы сөз және көңіл бөліп, нағыз ізгілік үлгісін көрсетті. Балалар тек көмек қана беріп қойған жоқ, қариялардың өмірлік тәжірибесінен сабақ алды.

Бағдарлама аясында оқу жылы барысында, аптаның жұма күні **«Birgemiz: Taza Alem» – «Таза Қазақстан»** жобасы бойынша табиғатты аялауға бағытталған экологиялық акциялар өткізілді. Оқушылар сынып бөлмелерін, мектеп ауласын тазалап, ағаш отырғызып, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін нақты әркеттермен дәлелдеді. Мектеп аумағына қарасты арық атыздарды тазалау, ағаш көшеттерін отырғызу шараларын белсене орындады.

<https://www.facebook.com/share/p/ICmHBqp8YY/>

<https://www.facebook.com/share/p/17hWWSKkRU/>

Әлеуметтік педагог А.Мелдебекпен бірлесе **«Мейірімділік ошағы»** акциясы барысында әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға киім-кешек, кеңсе заттары, мектеп құралдары үлестірілді. Бұл арқылы оқушылар өз замандастарына мейіріммен қарауға, көмек қолын созуға үйренді. Бұл жұмыстар оқушылардың азаматтық жауапкершілігін күшейтіп, жанашыр тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етті.

Мектеп қабырғасында оқушы өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау – басты міндеттердің бірі. Осы мақсатта 2024-2025 оқу жылында жүйелі әрі нәтижелі шаралар кешені жүргізілді.

Оқу жылы барысындағы сынып сағаттарында 1-11 сынып жетекшілері **«Қауіпсіздік сабағы»** аптасына бір рет 10 минут көлемінде өткізіліп, онда жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, интернеттегі қауіп-қатерлер, зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы нақты мәліметтер берілді. Бұл ақпарат оқушыларға түсінікті тілде, өмірден алынған мысалдармен толықтырылып ұсынылды. Сынып жетекшілері сынып сағаты мен **«Қауіпсіздік сабағының»** тақырыптары электронды журанладарға енгізіп, қысқа мерзімді жоспарларын ұдайы жазып отырды.

Мектепшілік буллинг пен кибербуллингке қарсы акциялар белсенді түрде өтті. Оқушыларға құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату, өзара сыйластық, түсіністік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. **«ДосболLIKE»** жобасын жүзеге асыра отырып, **«Буллингтен қорған!»** тақырыбы аясында жұмыстар тиімділігін арттырды.

Жоспарға сай құқық қорғау өкілдерімен, қоғам белсенділерімен, жастар орталығымен, т.б. кездесулер өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қылмыстылықты

болдырмау, ертежүктіліктің, зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында рейд, дөңгелек үстелдер, сауалнамалар, түсіндіру шаралары жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында мектепке өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттарды алып келуінің алдын алу мақсатында мектепшілік мобильді топ мүшелері рейд жүргізді. Оқу жылы қорытындысы бойынша нәтижелер төмендегідей:

р/с		Оқу жылы басында	Оқу жылы аяғында
1	Мектептегі оқушы саны		
2.	АПБ-де есепте тұрған оқушы саны	-	-
3.	Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны	5	-
4.	Наркодиспансерде есепте тұратын оқушы саны	-	-
5.	Арнайы мектеп-интернатына өткізілген	-	-
6.	Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі бойынша жауапкершілікке тартылған ата-аналар саны		-
7.	Сәтсіз отбасы саны	-	-
8.	Жайсыз отбасы саны	-	-
9	Буллинг, кибербуллинг, суицид әрекеттер		
10	Кәмелетке толмағандар арасында ертежүктілік	-	-
11			

«Өмірге салауатты қадам» жобасы аясында дұрыс тамақтану, зиянды әдеттердің зияны, спорттық өмір салты туралы дәрістер, тренингтер ұйымдастырылды. Спорттық жарыстар мен денсаулық күндері өткізіліп, оқушылардың белсенді өмір сүру дағдылары қалыптасты.

«Қауіпсіз қоғам» жобасы шеңберінде интернет қауіпсіздігі, лудомания, діни экстремизм сияқты заманауи қауіптер туралы профилактикалық әңгімелер, семинарлар өтті. Оған мектеп психологтары, құқық қорғау органдары және медицина мамандары жұмылдырылды.


Оқу жылы барысында төтенше жағдайлардың алдын алу (өрт, газ, су қауіпсіздігі, жер сілкінісі кезінде әрекет ету) тақырыптарында оқу-жаттығу сабақтары өткізіліп, эвакуация машықтары пысықталды.

Нәтижесінде оқушылар өз өмірі мен айналасындағы қауіпсіздікке деген жауапкершілікті сезінді, денсаулығын сақтау мен қауіптің алдын алуда белсенді, сауатты әрекет етуге дағдыланды.

Тәрбиелік шараларға қатысу белсенділік көрсеткіштер

Бағыттары:	Іс-шара саны	Қатысушылар саны
Ұлттық тәрбие	12	250
Патриоттық тәрбие	9	200
Адалдық пен парасаттылық	8	450
Қауіпсіздік және салауатты өмір	11	230
Волонтерлық қызмет	6	100

Тәрбие бағыттары бойынша оқушылардың қатысу үлесі



Ұсыныстар

- Тәрбие жұмыстарында оқушылардың жеке қабілеті мен қызығушылығын ескеріп, дараландырылған әдіс-тәсілдерді көбейту;
- Цифрлық қауіпсіздік пен медиамәдениет бағытындағы шараларды күшейту;
- Ата-аналармен ынтымақтастықты арттырып, тәрбие процесіне белсенді тарту;
- Волонтерлық және әлеуметтік жобаларға оқушыларды көбірек жұмылдыру;
- Рухани-адамгершілік бағыттағы тренингтер мен дебаттар санын арттыру.

Алда келе жатқан 2025–2026 оқу жылы – тәрбие жұмысында жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, ізденіс пен жаңашылдыққа жетелейтін маңызды кезең болмақ. Жүрегіммен сезініп, санаммен саралаған ең басты мақсатым – білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, әрбір оқушының бойында ұлттық рухты, адами құндылықтарды және саналы азаматтық көзқарасты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбиелік бағыттағы жұмысымды жүйелі жүргізу үшін мынадай нақты міндеттерді алға қоямын:

Ең әуелі, **ұлттық тәрбие бағытын тереңдетуді** басты басымдық ретінде қарастырамын. Оқушыларды ата-баба аманатын ардақтауға, тілі мен діліне, діні мен діліне адал болуға тәрбиелеймін. Ұлт тарихын, руханиятын сіңірген ұрпақ – ұлт тірегі екенін шәкірттер санасына сіңіру – парызым.

Сонымен қатар, **рухани-адамгершілік пен патриоттық тәрбиені** кешенді түрде дамытуға басымдық беремін. Әр оқушы әділеттілік пен адалдықты жанына серік етіп, қоғамда өз орнын таба білетін парасатты тұлға болып қалыптасуы тиіс. Бұл ретте «Adal ығрақ», «Sanaly ығрақ» сияқты жобаларды жаңашыл бағытта ұйымдастыру көзделуде.

Қауіпсіздік пен салауатты өмір салты – бүгінгі мектеп үшін ерекше маңызды мәселе. Апта сайын өтетін қауіпсіздік сабақтарын мазмұнды етіп түрлендіріп, оқушыларды тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы етуді жоспарлап отырмын. «Буллингке жол жоқ», «Салауатты өмір – сәнді өмір» сияқты жобалар осы бағытта жалғасын табады.

Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, волонтерлық қозғалысты қолдау – басты міндеттерімнің бірі. «Қамқор» жобасы аясында еріктілер

қозғалысына кең өріс беріліп, оқушылар бойындағы жанашырлық пен мейірімділік қасиеттері оянады деген сенімдемін.

Әрине, бұл жолда ата-аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу – негізгі тірек. Ата-ананы мектеп өмірінің шынайы серіктесіне айналдыру үшін «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасын одан әрі жандандыру көзделуде.

Сондай-ақ, тәрбие процесінде заманауи технологиялар мен цифрлық құралдарды тиімді пайдалану да назардан тыс қалмайды. Әлеуметтік желілерді дұрыс бағытта қолдану арқылы тәрбиелік мазмұнды кеңінен насихаттау – алдағы уақыттың нақты талабы.

Жаңа оқу жылында да шәкірттеріме тек білім емес, өмірлік ұстаным, жүрек тәрбиесін беруді жалғастырамын. Себебі мен үшін әр оқушы – үлкен жауапкершілік, әр тәрбиелік сәт – болашаққа салынған ізгі із.

Орындаған :



ДТЖОЖО А.Тунгушбаева